

## **Тау туризмі техникасынан академик Т.Қ.Жиздібаевты еске алуға арналған облыстық жарысының ережесі.**

### **1. Мақсаттары мен міндеттері**

Облыстық тау туризмі техникасы жарысы тау туризмін насихаттау, техникалық және тактикалық спорттық шеберліктерін шыңдау, денсаулықты нығайту үшін туризммен айналысу мақсатында өткізіледі.

### **2. Өткізілу орны мен уақыты**

Облыстық тау туризм жарысы 2018 жылдың 20-23 қараша аралығында Облыстық балалар мен жасөспірімдердің туризм және экология орталығында өтеді. Командалар «Самал», «Бивуак» туристік лагерінде орналасады (тұру 1500 теңге, тамақтану 1500 теңге бір балаға бір күнге).

### **3. Жарысқа қатысушылар**

Жарысқа облыс аудандарынан және Орал қаласының командалары қатысады. Құрамында 6 адам: 4 қатысушы (3 ер бала, 1 қыз бала), 1 қосымша қатысушы, 1 жаттықтырушы-мұғалім. Қатысушылардың жас мөлшері: 12 – 16 жас.

Жарысқа дәрігерлік рұқсаты бар сұранысы, сонымен қатар қашықтықтан өту үшін қажетті құрал – жабдықтары болған жағдайда қатысушылар жарысқа жіберіледі. Қатысушылар скалодромда қалай қозғалу дағдылары мен қауіпсіздік шараларын білуі қажет. Егерде қатысушылар дене шынықтыру дайындығы және техникалық әзірлігі жетіспеушілігінен қауіпті жағдайға тап болса, команда жарыстан шығарылады.

### **4. Басшылық және өткізу жалпы басшылық дайындығы**

Облыстық жарысқа жалпы басшылық, дайындығы мен өткізілуін облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығы жүзеге асырады.

### **5. Қауіпсіздік қамтамасыз ету және құрал – жабдықтар**

Жарысты өткізу қауіпсіздігі және жарыс мезгілінде қолданатын құрал-жабдықтарына қабылдаушы мекеме жауапты болады. Ал команданың қолданатын құрал – жабдықтары және командақауіпсіздігіне команданың өкілі немесе қатысушылар өз міндетіне алады. Қашықтықтардан өту үшін қатысушылардың арнайы құрал – жабдықтары болуы қажет.

### **1. Командаларды қабылдау шарттары**

Жарысқа қатысу үшін команданың өкілі мандаттық комиссияға төменде көрсетілген құжаттарды тапсырады:

1. Әрбір қатысушының туу туралы куәлігі, жеке куәлігі (көшірмесі)
2. Әрбір қатысушының бейне суреті бар анықтама
3. Туристің біліктілігі белгіленген сынақ кітабы
4. Жарысқа қатысушының медициналық анықтамасы
5. Аудандық тау туризмі техникасынан өткен жарыстың хаттамасы
6. Жарысқа қатысу үшін өтініш және жіберуші мекеменің жарысқа қатысу туралы бұйрығы.
7. Сақтандыру полюсі

Өтініште команданың аты, қатысушылардың толық аты-жөні, тобы, туризмнен разрядтары жазылады, дәрігердің рұқсатнамасы қойылып, мөрмен расталады. Растау құжаттары тапсырылмаған жағдайда команда жарысқа жіберілмейді.

Облыстық жарысқа келген командалар жарысқа қатынасу үшін өздерімен бірге төмендегідей құрал – жабдықтар тізімі болуы қажет: каска – 4 дана, сақтандыру құралы

(обвязка) – 4 дана, карабиндар – 30-35 дана, қолғап – 4 дана, түсірмелі құралы (дюльфер) – 4 дана, жумар – 4 дана, жіп – 40м x 2 дана, 30м x 2 дана, 20м x 1 дана, прусиктер, оттяжка 4-5 шт. Қалған құрал-жабдықтар команданың өз қарауына қарай алынады.

**Залда жұмыс істеу үшін міндетті түрде екінші аяқ киім болуы тиісті.**

### **7. Бағдарлама**

**20 қараша** – 14.00 дейін келу

10.00 – 13.00 - Командалардың жаттығуы.

14.30 – 18.30 – «Байлам» қашықтығынан өту

18.30 – 19.00 – Ашылу салтанаты

20.00 - Төрешілер алқасының отырысы

**21 қараша** – 09.00 – 19.00 - «Жеке» қашықтығынан өту

20.00 – Төрешілер алқасының отырысы

**22 қараша** – 09.30 – 19.00 - «Техникалық» қашықтықтан өту

**23 қараша** – 09.00 – 13.00 – «Самоспас» қашықтығын өту

13.00 – 14.00 - Жарысты қорытындылау

15.00 - Жарыстың жабылуы

### **8. Марапаттау**

Жүлделі орын алған командалар және жеке есеп бойынша жүлделі орын алғандар дипломдар, медальдар және ақшалай сыйлықтармен, кубокпен марапатталады. Ұпай мөлшері бірдей болған жағдайда «Техникалық» қашықтыққа өтуде көп ұпай жинаған командаға жеңіс беріледі.

### **9. Қаржыландыру.**

Жарысты өткізуге байланысты қаржыландыруды Облыстық білім беру басқармасы, Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығы жүзеге асырады. Жарысқа қатысу шығындарын жіберуші мекемелер өтейді.

### **10. Өтініштерді беру мерзімі және тәртібі.**

Жарысқа қатысу туралы өтініште қатысушының толық аты-жөні, туған жылы, жіберуші мекеменің мөрі басылып бекітілген және дәрігердің рұқсаты жөніндегі мәліметтер болуы тиіс. Өтініштер 2018 жылдың 16 қарашасына дейін бас төрешіге электронды адрес арқылы жіберілуі тиіс. Өтініштің түпнұсқасы жарыс өтетін күні тапсырылады.

**Төрешілер ұжымы кейбір қашықтықтарды өзгертуге құқы бар екенін ескертеді.**

**Осы ереже жарысқа шақыру болып табылады.**

Дайындаған:

Неталиева К.Е. – туризм бөлімі